

# Шырғалаң

Неміс басқыншыларымен болған соғыс талай боздақты жер жастандырып қоймай, мыңдаған тағдырларды тәлкекке түсірді. Әр сарбаз «Отан үшін алға!» деген ұранмен жеңіс жолына жанын салғанымен, ерлік бағаланбаған, әділетсіздік салтанат құрған жағдайлар аз болмаған.

## Ж.ӘБДІКӘРІМ

Екібастұздағы Қ.Пішенбаев тау-кен техникалық колледжінің директоры Қанат Шайхсламұлының әкесі Шайхслам да соғыс жалынды жылдарын ұрлаған тағдырлы қазақтың бірі. Шайхслам атаның бастан кешкен оқиғаларын баласы Қанат былай өңімелейді:

- Әкем Шайхслам Есмағанбетов 1922 жылы Баянауыл ауданында туған. Майданға 1941 жылғы тамызда алынып, 1943 жылдың наурызына дейін 6-шы атты әскер полкінде соғысқан. Ол полкте ауылдан өзімен бірге аттанған жолдасы Қапсалам Әблешов те болыпты. Атты әскерде жүргенде оң жақ санынан ауыр жараланып, госпитальға түседі. Емделіп шыққан соң өкемді (1943 жылы наурызда) Ленинград блокадасына жібереді. 1943 жылдың наурызынан 1944 жылдың қазанына дейін 64-ші гвардиялық дивизияда соғыс-

қан. Әкем «соғыста әскери техниканы, танктерді сақтап қалу үшін көбіне тіл білмейтін, хәнбіс қазақтарды алдыңғы шепке айдап салатын» деп айттып отыратын.

Соғыс бітіп, дәл елге қайтар уақытта Шайхслам бір орыс офицерімен қақтығысып қалады. Офицер қазақтардың ұлттық намысын қорлайтын балағат сөз айтса керек. Намыстанған Шайхслам офицермен төбелесе кеткенде, әлгі тапаншадан атып жібереді. Оқ атамыздың оң жақ қабырғасын жанап өтеді. Сонда ол да қорғану үшін жан-дәрмен қаруына жармасып, офицерді атып салыпты. Офицер тіл тартпай кетіп, Шайхслам 10 жылға сотталып кете барады. Істің ақ-қарасы тексерусіз қалады. 6 жылдай түрмеде отырған Шайхсламның бағына қарай жанына Семейдің бір сауатты қазағы келіп түсіпті. Сол адам



қайта-қайта шағым хат жазып, серігінің ақталып шығуына сеп болады. «Шайхслам, сен жақында босап шығасың, ал менің шығуым кәдік. Жалғыз өтінішім: елге барған соң, Семейдің Көкпекті ауданында әке-шешемнің бейіті бар, соған барып құран оқып тұрарсың», - деп аманат етіпті жанашыр азамат. Арманы орындалып, бостандыққа шыққан соң Шайхслам аманатына адал болып, өмірінің соңына дейін Семейге барып, бір қойын сойып, құран бағыштап отырған екен.

...Сөйтіп, соғысқа 1941 жылы аттанған Шайхслам ауылына 1950 жылы бір-ақ оралады.

Ауылға жақындағанында бір топ бала «солдат келді» деп алдынан жүгіріп шығыпты. Солардың ішінде өзі кетерде үстел жағалап апыл-тапыл басып жүрген інісі Шаймұрат та бар екен, бірақ оны танымайды.

Шайхслам ата елге келген соң Жосалы ауылында малшы, коймашы болып еңбек етеді. Үйлі-баранды болады. Бүгінде немерелері Әлихан мен Нұрислам атасының ерлігін мақтан етеді.

Шайхслам атаның «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендері мен «Ерлігі үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін» медальдары балаларының төрінде ілулі.